II тоқсан қорытындысы бойынша 5-ке шықты, 4-ке шықты ал 3-ке шықты. Себебі ол әлі тест жұмыстарын және сөздік диктанттарды қате орындайды. Алдағы уақытта бұл оқушымен жұмысты күшейту керек деп ойлаймын.

Қорыта келгенде бұл тәсілдің нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін жаңа тәсілдер арқылы кеңейте алдық. Сабақ соңында өз мақсаттарымызға жеттік,қалыс қалған оқушылар болған жоқ. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып,оқушылардың сұрақтарға толық жауап беруіне,ойларын ашық айтуына дағдыландыра бастадық. Топтық жұмыс арқылы ойларын ортаға салып талқылау, талдау, өз пікірін ашық айтуға дағдыландыра отырып,оқуға деген қызығушылығын арттырдық. Болашақта осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өткен сабақтарымызбен оқушының білім, білік дағдыларын арттыруды көздеп отырмыз және С дәрежесіндегі оқушылармен әлі де жұмыстар жасап, В дәрежесіне жеткізуге ,ал В дәрежесіндегі оқушыны А дәрежесіне жеткізуге тырысамыз.

Талантты және дарынды оқушыларға күрделенген тапсырмалар беруде әлі де ізденуге жұмыстанамыз.

«№26 Келес жалпы орта білім беру мектебі» ағылшын тілі пән мұғалімі Каратаева Гаухардың жартыжылдық бойынша рефлекстік есебі. «Адам байлығының ең тамашасы-білім. Барлығы соған ұмтылады,бірақ ол өзі келмейді». Әбу-Райхан әл-Беруни.

І жартыжылдықтың қорытындысы бойынша сабақ беретін сыныптарым бойынша ағылшын тілі пәнінің үлгерімі-100,сапасы-51,7болды.Бұл І тоқсанмен салыстырғанда 5 пайызға артқандығын көрсетеді.ІІ тоқсанда да жоспар бойынша сабақ беретін сыныптарыма орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларымды уақытында жасақтап,жүйелі түрдеоқушыларға бағдарламаның жеті модулін байланыстыра отырып сабақ өткіздім.Себебі күнделікті сабақтарымызда оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалану,бағалаудың түрлерін қолдану,жас ерекшеліктеріне сай білім беру,талант пен дарынды анықтау,оларды көшбасшы етіп тәрбиелеу заман талабы.ІІ тоқсан барысында мектебімізде деңгейлік курстан өтіп келген мұғалімдермен ақылдаса отырып,арнайы жоспар жасақтап,lesson study зерттеу сабағын әріптестеріммен бірге жүргіздік. Ол үшін ең алдымен әріптестеріммен ақылдаса отырып зерттеуге үш оқушыны таңдап алдық.

А деңгейіндегі оқушы-

В деңгейіндегі оқушы-

С деңгейіндегі оқушы-

А деңгейіндегі оқушы зеттеуге алған себебім: Бұл оқушы сыныптастарына қарағанда алғыр,зерек,ізденімпаз,білім алуға құштар, шапшаң ойлағыш барлық пәндерден үлгерімі жақсы.

В деңгейіндегі оқушы зерттеуге алған себебім бұл оқушы ортада көп ерешеленіп көрінбейді, білімі орташа,мінезі тұйық,сабырлы,кейде қойылған сұрақтарға сенімсіздік танытып,өз ойын ашық айта алмайды.

С деңгейіндегі оқушы зерттеуге алған себебім күнделікті сабаққа кейде дайындықсыз және кешігіп келеді,білімге деген ұмтылыс-құлшыныс көңілге қонымсыз.

Зерттеу барысында осы оқушылардың бойынан төмендегідей өзгерістерді көргім келді. Мәселен А. алған білімін басқа оқушылармен бөлісуге дағдыланып,өз бетінше ізденуге тобындағы оқушыларды тартса,білімқұмар дарынды оқушы болғандықтан дарындылық қабілетін одан әрі шыңдаса,төмен деңгейдегі оқушының жаңаша білімалуға бет бұруына өз септігін тигізсе.

В. оқушының өз-өзіне деген сенімділігі қалыптасып,ойын еркін жетілдірсе.

С.оқушының бойындағы құндылықтарды анықтау, кішкене де болса таланттың көзін ашса,өз ойын жинақтап еркін жеткізуге,топ мүшелері арасындағы қарым-қатынасы жақсарса,сыныпта жағымды ахуал орнатуға өз үлесін қосса.

Жоспар бойынша бірінші сабақты
Үш оқушы үшін оқу нәтижелерін анықтап алып, сабақты өз деңгейінде өткізді.Сабақ барысында мұғалімдермен зерттеуге алған оқушыларды бірге бақылап,сабақтан кейін талқыладық.Оқушылар топпен жұмыс жасау арқылы ,диалогтік әдісті пайдалану негізінде сабақтың мақсатына,нәтижесіне жеткендігі аңғарылды. Және де бұл сабақта оқушылар бірін-бірі бағалап,сабақ соңында мұғалім жиынтық бағалады.

Әр сабақта үш баланы үнемі бақылауда ұстап,сабақтан соң талқылау болып отырды. Бізге топпен оқыту әдісінің тиімді екені белгілі болып,келесі сабақты оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында ойын түрінде өткізуді жоспарладық. Ал үшінші сабақты мен ағылшын тілі пәнінен өткіздім.

Тақырыбы: The school day in England

Мақсаты: Англияның мектептері туралы түсінік беру.

Күтілетін нәтиже: оқушылар өтілген тақырыпты меңгереді,сөздік қоры молаяды,сыни тұрғыдан ойланады,топпен және жұппен жұмыс жасай алады. Ұйымдастыру бөлімінде оқушыларды мектепке байланысты сөздерді қолдану арқылы екі топқа бөлдім. Үй тапсырмасында өтілген тақырыптың жаңа сөздерінің аудармасын екі топтан жарыс түрінде сұралды. Қызығушылығын ояту бөлімінде оқулықта берілген суреттерді берілген сөйлемдермен сәйкестендірді. Мағынаны тану бөлімінде Англияның мектептері және мектеп формалары туралы таныстырылым көрсетілді. Ой толғаныс бөлімінде оқушылар екі елдің мектептерін салыстырды. Бұл сабақта мен критериалды бағалауды жүзеге асырдым.оның критерийлерін оқушылармен ақылдаса отырып, анықтап алдық. Кері байланысты бес саусақ арқылы жүргіздім. Оқушылар бес саусақтың ішіне сабақтан алған бес түрлі әсерлерін жазды

Әрбір өткізілген сабақта әрбір мұғалімге белгіленген оқушыны бақылап,нәтижелерін жазып отыру тапсырылды. Бұл сабақта біз алдыңғы сабақтармен салыстырғанда оқушылардың өзгере бастағанын байқадық.

А. деңгейіндегі оқушы топпен бірге жұмыс жасап, өзгелерге көмек беріп ,топта көшбасшылық танытты.

В. деңгейіндегі алғашқы сабақта өзін көрсете алмаған болса,соңғы сабақта белсенділік таныта бастады,бірақ оның бойында әлі де сенімсіздік байқалды.

С. деңгейіне келетін болсақ алғашқы сабақтан-ақ өзіне көңіл бөліне бастағанын байқап,белсенді түрде сабаққа араласа бастады. Соңғы сабақта оның барынша берілген тапсырманы бар ынта жігерімен орындап,сабақ соңында 4 деген бағамен бағаланды. Ол үй тапсырмасында қателіктер болса да толық орындауға дағдылана бастады.

II тоқсан қорытындысы бойынша 5-ке шықты, 4-ке шықты ал 3-ке шықты. Себебі ол әлі тест жұмыстарын және сөздік диктанттарды қате орындайды. Алдағы уақытта бұл оқушымен жұмысты күшейту керек деп ойлаймын.

Қорыта келгенде бұл тәсілдің нәтижесінде біз оқушылардың білімдерін жаңа тәсілдер арқылы кеңейте алдық. Сабақ соңында өз мақсаттарымызға жеттік,қалыс қалған оқушылар болған жоқ. Бағдарламаның жеті модулін ықпалдастыра отырып,оқушылардың сұрақтарға толық жауап беруіне,ойларын ашық айтуына дағдыландыра бастадық. Топтық жұмыс арқылы ойларын ортаға салып талқылау, талдау, өз пікірін ашық айтуға дағдыландыра отырып,оқуға деген қызығушылығын арттырдық. Болашақта осындай әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өткен сабақтарымызбен оқушының білім, білік дағдыларын арттыруды көздеп отырмыз және С дәрежесіндегі оқушылармен әлі де жұмыстар жасап, В дәрежесіне жеткізуге ,ал В дәрежесіндегі оқушыны А дәрежесіне жеткізуге тырысамыз.

# Эссе

*Әлемде мыңдаған мамандықтар бар. Оның барлығы қажетті де қызықты. Бірақ әр адам тек өзіне ғана тән, өз жүрегінің қалауы бойынша мамандық таңдауы қажет. Мен де өз жүрегімнің қалауы бойынша мамандық таңдап, қазіргі таңда ең жоғары ұғым «мұғалім» болып жұмыс атқарып келемін. Кез-келген мамандықтың өзінің қыр-сырлары болады. Сол сияқты менің мамандығымның да қиын жақтары мен қызықты жақтары мол. Себебі біз, мұғалімдер, келешекті қалыптастыратын ұрпақпен жұмыс істейміз. Біздің болашағымыз біздің жеткіншектерімізге байланысты. Бұл мамандықты таңдауымның себепкері менің менің ең алғашқы ұстазым. Ол кісі мен үшін үлгі тұтар тұлға болды. Ұстазымның сабағы өзге сабақтарға қарағанда өзгеше болатын. Мен бір басқа әлеммен танысқандай болатынмын. Сол бала кезімнен бастап сол құрмет тұтатын мұғалімімдей болуды армандадым. Арманымды жүзеге асыру үшін мұғалімдік оқуды аяқтадым. Сөйтіп мен де мұғалім болдым. Менің түсінуімше мұғалім – әрдайым ізденісте болып, қиындықтарды жеңетін, мақсат қойып, нәтижеге қол жеткізетін адам. Қалай жұмысымды жақсартсам болады, қалай өзгертсем болады деген ой мені әрқашан мазалайды. Тағы да ізденіс, тағы да талпыныс. Осылай менің мектепке мұғалім болып келгеннен бергі өмірім осылай. Менің түйсігімде ақырындап мұғалімнің маңызды қасиеттерінің моделі қалыптасты.*

*Алғашқы жылдары мен көп нәрселерді түсіне алмадым. Оқушылар неге мені бәрі бірдей түсінбейді, мен бәріне бірдей түсіндіремін ғой деген ой жиі мазалайтын. Уақыт өте келе мен оны да түсіндім. Егер мұғалім өзінің жоғарғы білім деңгейінен оқушының білім деңгейіне дейін түсіп, оқушымен бірге білімді игерген кезде ғана, ол нағыз мұғалім болып есептеледі. Бұл менің педагогикалық жолымдағы негізгі қағидам болды.*

*Сабаққа келгенде, оқушылармен араласқанда, мен өз әлемімді оларға ашамын. Өз құндылықтарым мен көзқарастарымды, өзіме жан-жақта болып жатқан қызықты жағдайлармен оқушыларымды таныстыруға тырысамын. Бұл міндетті түрде шын көңілмен берілуі керек. Кез-келген жасандылықты оқушылар байқайды және олардың көңілі қалады, сенімділіктен айырады. Сондықтан менің екінші қағидам – адалдық, шынайылық.*

*Келесі қағидам – тәрбиені өнегелі бағыттау арқылы құндылықтар жүйесін: шынайылық, мейірімділік, тұлға, еркіндік, махаббат, шығармашылық, яғни рухани мәдениетті қалыптастыру.*

*Менің мұғалім ретіндегі қызметім баланың қабілетін жетілдіруге, осы жалпы әлемде басқалармен қарым-қатынаста бала өзін тұлға ретінде*



# Мақсаттар мен міндеттер



**Мақсатым:**

Шығармашыл, қабілетті, жан-жақты, белсенді, жаңашыл тұлға қалыптастыру. Сапалы оқытуды жетілдірудің үздіксіз болуын қамтамасыз ету. Педагогикалық- психологиялық қолдау көрсету арқылы жеке тұлғаны тәрбиелеу. Озық білім және педогогикалық технологияларға негізделу . Озық тәжірибелерді пайдалану арқылы біртұтас ақпараттық кеңістік құруға үлес қосу.

**МІНДЕТТЕРІМ:**

Оқушының жеке тұлғалық дамуына, өзіндік өсуі бағытында бағыт бағдар беру, оқушылардың жалпы білім мен дағды сапасын көтеру бағытында сабақтың құрылымдық сапасын көтеру. Білім сапасын арттыру және тәрбие ықпалын күшейту . Ұлт тілін және мәдениетін сақтауға және ұлттық сана және білім негіздерін қалыптастыру .



# Педагогикалық ұстаным

***Ұстаз жолы қиынырақ басқадан,***
***Сырлары мол әлі сыртқа шашпаған.***
***Шаршаса да осы жолдың бойында***
***Қандай жақсы шын бақытын тапса адам.***

Менің ұстанымым – тәрбиені өнегелі бағыттау арқылы құндылықтар жүйесін: шынайылық, мейірімділік, тұлға, еркіндік, махаббат, шығармашылық, яғни рухани мәдениетті қалыптастыру.



1

№26 Келес жалпы білім беретін орта мектебінің тілдер бірлестігінің 2020-2021 оқу жылындағы жыл бойындағы атқарылған жұмыстарының қорытынды есебі.

Жылдық есеп қорытындысына сабақ беретін оқытушыларымыз бойынша қазақ тілі пәні бойынша 4 мұғалім, орыс тілі пәні
Кәлит, Шолпан, Тұрсынгүл, Жасмин.
бойынша 6 мұғалім, ағылшын тілі пәні
Ақдидар, Сұлу, Гүлмира, Мая, Нұржан, Мейрамгүл
бойынша 6 мұғалім жұмыс атқарып келеді:
Жұпар, Гаухар, Рая, Нигерім, Ройхан, Аягүл.
Бірлестік жетекшісі: Қоратаева Гаухар.

Жаңа оқу жылы онлайн форматта басталды. Мұғалімдерге жүктемелер бөлініп берілді. Әр мұғалім күнтізбелік жылдық жоспарын бекіттірді, жұмыстар атқарылып отырылды.

1) Жыл соңында қазақ тілі пәнінен үлгерім-100%, сапа 76 %. 5-11 сынып аралығында

2) орыс тілі үлгерімі 2-11 сынып аралығында 100%, сапа 60%.

3) ағылшын тілі бойынша 2-11 сынып аралығының үлгерімі 100%, сапа 62%.

2

Жаңа басынан оқу жоспары бойынша сабақ беретін сыныптарымызда орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларымызда уақтылы орындап, күнделікті түрде оқушыларға бағдарламаның жаңа модулі бойынша [illegible] сабақ өткіздік.

Мектеп директорының тме бұйрығымен жоспар [illegible], іс-шаралар ұйымдастырылды. Құрылған жоспар бойынша сыныптар қамтылды.

"2020-2021" оқу жылына арналған ағылшын тілі апталығы өтті. Апталыққа барлық мұғалімдер қамтылып мазмұнды түрде ашық сабақтар өтілді. 05-09.04 аралығында.

1) Адилбекова Гүлнар – "Adverbs" 8с.
2) Бероталева Таукор – "Sports" – 5 сынып.
3) Дюсенбаева Роза – "A festival calendar" – 8 ә сын.
4) Серікбай Айгерім – "Transport" – 6 сын.
5) Бунтышбаева Райхан – "The Eagle Huntress".
6) Боктурсынова Айгерім – "Sports and games."

Сабақтың қалыпты мазмұны оқушылардың белсенділіктерін арттыру мақсатына бағытталған, білімдерде көрсетілген, ол сабақтың білімділік мақсатына жету үшін формаларымен әдістері орындалды.

- 3 Жамбылтағы орта бойынша мұғалімдерге ПШО тренерлері тарапынан мұғалімдерге қолдау ретінде апта сайын вебинар сабақтарын өтіп отырды және біздің мұғалімдеріміз қатысып, ұқыптылы кері байланыстарын беріп отырды, АББ. тарапынан берілген бұйрыққа негізделіп, мұғалімдер басқа мектеп мұғалімдерімен тәжірибе алмасты.

Онлайн режимінде ұстаздарымыз түрлі республикалық мұғалімдер, оқушылар олимпиадаларға қатысып біршама түрдегі нәтижелі орындар алып отырды. Диплом және алғыс хаттармен марапатталды. ~~отырды~~.

Атап айтар болсақ, қазақ тілі пәнінен.

1) Керімбердиева Камила
2) Сейітбекова Шолпан
3) Дайрабаева Тұлғанай

орыс тілінен.

1) Ташимова Ұлжанай.
2) Даурбаева Сұлушаш апай.

шет тілінен.

1) Адылбекова Гүлнаркүл.
2) Қаратаева Гаухар.
3) Дүйсенғалиева Роза апайларымыз

4 Қорытындылай келе, яғни соңында бірлестік мұғалімдері өз уақытында тапсырады, тиімділігін бағалау нұсқаларын алып, бағаларын және журналға тіке өз-ке енгізу-іне және мониторинг жасады.

**Түсінік хат**
**9 - сынып**

Негізгі орта білім беру деңгейінде шетел тілін оқытудың *мақсаты* – оқушылардың тілді меңгерудің жалпыеуропалық (А2+) қалыптасу алдындағы деңгейіне сәйкес білім алушылардың тіл тасымалдаушылармен мәдениаралық қарым-қатынас жасау қабілеттерін, коммуникативтік біліктерін дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру.

Бұл кезеңде келесі кезеңдердегідей танымдық процесс шоғырландырыла ұйымдастырылады: берілген кезеңде әуелгі кезеңнің тақырыптары мен сөйлеу аясы кеңейіп, оларға жаңа сөйлеу тақырыптары қосылады. Қатысымдық-сөйлеу әрекеті бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, репродуктивті әрекеттен репродуктивті өнімді әрекетке, кейіннен өнімді әрекетке қарай дамиды.

9-сыныптарда (А2+оқу деңгейі бойынша) қатысымдық-мәдениаралық құзыреттердің барлық компоненттерін дамыту жалғаса береді: грамматикалық және лексикалық минимум кеңейтіледі, тілдік және сөйлеу дағдылары нығайтылады, дискурсивті және әлеуметтік-мәдени біліктері дамиды. Бұл оқу деңгейінде өзіндік өмірлік тәжірибесі мен оқушылар білімін ескере отырып, үлгіге қарамай, вербальдық тірексіз байланысқан сөйлем құрау қабілеттерін қалыптастыру қажет.

Көптілді білім беруді енгізу жағдайында ағылшын тіліне ерекше назар аударылады.

9-сыныптарда лексикалық сөздік қоры кеңейеді, тілдік емес пәндер бойынша терминологиялық түсініктерінің көлемі ұлғаяды.

Шетел тілі сабақтарында білім алушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастырудың маңызды аспектісі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру болып табылады:

- білім алушылар бойында шетел тілінің қазіргі адам өмірінде және көп мәдениетті әлемдегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру, Шетел тілін қолдануда мәдениаралық қарым-қатынаста басқа халықтар мәдениетімен дүниені тану құралы ретінде жаңа тәжірибе жинақтау;
- азаматтық бірегейлікті, өз халқы, туған өлкесі, өз елі үшін патриоттық және мақтаныш сезімін, өз этникалық және ұлтқа қатыстылығын сезіну, тілдерді және мәдениетті меңгеру арқылы жалпы қабылданған адамзаттық және базалық ұлттық құндылықтарды дамыту;
- коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігі мен қажеттілік деңгейінде ауызша (айтылым және тыңдалым) және жазбаша (оқылым және жазылым) әртүрлі үлгіде тілді тасымалдаушымен қарым-қатынасқа дайын болуы және коммуникативтік міндеттер мен әңгімелесу әдебіне сәйкес сөйлесу және сөйлесуден басқа құралдарды барынша кең көлемде пайдалану;
- басқа елдердің мәдениетімен танысу арқылы өзге (бөгде) мәдениетке құрметпен қарау қарым-қатынасын қалыптастыру;
- ауызша және жазбаша қарым-қатынаста шетел тілінде өзінің төл мәдениетін таныстыру қабілетін одан әрі дамыту.

Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында шетел тілі пәні мұғалімдеріне:

- оқыту материалдарының түпнұсқасын пайдалану (аудио-, бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар);
- шетел тілінде сипаттама беру, мінездеме беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру үшін БАҚ материалдарымен жұмыс жасау;
- оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында өз бетінше анықтамалармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың қауіпсіз мәдениетті тәртібін қалыптастыру үшін қауіп-қатер

**Түсінік хат**
**10-11 – сыныптар**

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі **«Шетел тілі»** оқу пәні шетел тілінигеру деңгейінің жалпыеуропалық жүйесіне сәйкес келеді:

10-сынып – В1 («Қалыптасқан игерім 1»);

11-сынып – В1+ (В2) («Қалыптасқан игерім 1.2»).

Шетел тілін оқыту тәрбиелеу құралы ретінде, танымдық және басқа ұлттар мәдениетімен және оны тасымалдаушылармен өзара әрекет ету құралы ретінде болашақта бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, болашақта шетел тілін меңгеру дағдысының артуын ілгерілетуге бағытталған. Функционалды сауаттылықты дамыту нәтижесінің бірі - шетел тіліндегі жазбаша, ауызша өнімді коммуникацияға қабілеттілік болып табылады.

Орта мектептің жоғары сынып білім алушыларына шетел тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері осылайша туындаған.

10-11-сыныптарда шетел тілін оқытудың басты мақсаты - мәдени сұхбат жасауда білім алушылардың шетел тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдану қабілетін дамытуда, әсіресе, мектептің білім беру саласындағы мәдениетаралық қарым-қатынасқа дайындауда, жастар туризмі, білім саласында өзіндік білімін көтеруде, Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлт өкілдерінің мәдениетімен, тұрмыс-тіршіліктерінің ерекшелігімен танысуда, Қазақстанның әлемдік мәдениетке қосқан үлесімен танысуда қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін пайдалану мүмкіндігін дамытудан тұрады.

Шетел тілін меңгеру заманауи коммуникативтік әдістер көмегімен оқушылардың интерактивті дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау және басқалармен қарым-қатынас жасау негізінде жақсы өткізуші болуын дамыту. шетел тілін білетін жақсы коммуникативті дағдылары бар оқушылар Қазақстан елінің дамуына өз үлестерін қосады.

Қазіргі әлемдегі жаппай жаһандық коммуникация бойынша шетел тілінде қарым-қатынас жасай білу біліктілігінің шешуші маңызы бар. Білім алушылар шетел тілінде оқи білулері, жаза алулары және шетел тілінде өзінің қатарластарымен және мұғалімдерімен түсінісіп, жоғары деңгейде қарым- қатынас жасай алулары керек. Шетел тілі коммуникация, ғылым, бизнес, бос уақыт, саяхат және спорт саласында жиі қолданылады. Білім алушының шет тілі бойынша меңгерген жақсы білімі өзінің білімдік, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыда дамуына зор мүмкіндік береді.

Орта мектепте шетел тілінде білім беруді аяқтау кезеңінің негізгі айырмашылығы – шетел тілі бейіндік оқытуды жүзеге асырудың құралы болып табылуында. Нақты бейіндік бағыт, яғни оқу мазмұнын қайта құрылымдау есебінен, жалпы білім беру тақырыптарын қысқартумен, болашақ білім алушыларды мамандыққа бағытталған оқу материалының кіріспесімен, коммуникативтік құзыреттілікті, сөздік қорды байыту жолымен, мәтіндік материал негізінде бейіндік бағытты жетілдіру арқылы қол жеткізіледі.

Сондай-ақ, жоғары сыныптарда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру ұсынылады. Бұл орайда, қазіргі әлемде және Қазақстанда шетел тілін білудің қажеттілігі мен маңыздылығы болашақта лауазымдық өсуге, кәсіби дамуға зор мүмкіндіктер ашатынын түсінуді қалыптастыру қажет.

Шетел тілі сабақтарындағы тыңдау материалдарын пайдалану - жас ерекшеліктері мен жоғары сынып оқушыларының тұлғалық мүддесіне жауап беруі, елдегі оқытылатын тілдің олардың кәсіптік бағдарлық және қайта даярлаумен танысуды қамтамасыз етуге,таңдаған кәсіптің ерекшелігімен және шетел тілінің болашақ мамандықты меңгерудегі рөлімен танысуға, ғылыми-техникалық және мәдени өрлеуге қосылуға, таңдап алған салада кәсіби бағыттағы жалпы ой- өрісін кеңейтуді қамтамасыз етуі қажет.

Бейіндік бағыттағы оқу материалдарымен жұмыс істеу кейбір продуктивті, рецептивті тілдік минимумдарды ұлғайтуға, сондай-ақ білімін, сөйлеу қызметінің барлық түрінде шеберлігі мен дағдысын арттыруға, әрі қарай колледждер мен жоғары оқу орындарында бейіндік

жағдайындағы және түрлі жағдаяттардағы мінез-құлықтары туралы мәтіндерді жұмыс үшін қолдану ұсынылады.

*Шетел тілі бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі:*

9-сыныпта аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

*Білім алушы дәптерлерінің саны мен түрлері, білім алушы дәптерін жүргізуге қойылатын негізгі талаптар, дәптерлерді тексеруге қойылатын негізгі талаптар өзгеріссіз қалады. Нормативтер мен талаптар 2017-2018 оқу жылындағы Әдістемелік – нұсқау хатта көрсетілген.*

***Ұсынылатын бақылау жұмыстарының нормалары***

Алған білімдерінің динамикасы мен мониторингін анықтау үшін оқу жылына 7 бақылау жұмысын жүргізу ұсынылады. Бақылау жұмыстарындағы тапсырмалар саны мен бағалау келесідей болады: лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21- 25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл.

№ 1 кіріспе тест. Бұл жұмыс түрі өткен оқу жылында алған білімдердің диагностикасы мен бақылауын қарастырады, тек лексикалық-грамматикалық аспектілерін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 25, жауаптар нұсқаларының саны-5. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені оқу жылының бірінші күндерінен бастап оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетуі мүмкін.

№ 2 бақылау жұмысы 1-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-ші тоқсанда меңгерген барлық материалдарды қамтиды.

№ 3 бақылау жұмысы – 2-тоқсанның қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 2-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды.

№ 4 диагностикалық тест (бақылау жұмысы). Бұл алдыңғы екі оқу тоқсанында алған білімдердің бақылау мен динамикасын қарастырады, тек лексикалық-грамматикалық аспектісін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 25, жауаптар нұсқаларының саны-5. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды.

№ 5 бақылау жұмысы –3-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 3-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды.

№ 6 бақылау жұмысы – 4-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 4-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды.

№ 7 бақылау жұмысы – жылдық қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы жыл бойына өтілген барлық тақырыптық материалдарды қамтиды.

***Ұсынылатын жазба жұмыстарының нормалары***

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жазба жұмыстарын, соның ішінде эссе жазу ұсынылады. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын және жазылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, 9-сынып білім алушысына бейнематериал көрсетіп осы бейнематериал бойынша өз пікірін білдіруді ұсынуға болады. Жұмыстың бұл түрін жұмыс дәптерлеріне ресімдеп, жылына 4 рет ұйымдастыру ұсынылады.

Эссе жазуда келесі сөздердің нормаларын ұсынамыз (барлық артикль сөздерді, есімдіктер мен қосымшаларды ескере отырып):

- 9-сыныпта - 100-130 сөз.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жазба жұмыстарын, соның ішінде эссе жазу ұсынылады. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын және жазылым дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді. Эссе жазуда (барлық артикль сөздерді, есімдіктер мен қосымшаларды ескере отырып) келесі сөздердің нормаларын ұсынамыз:

10-11-сыныптарда 140-150 сөз.

Оқытылатын пәнге деген уәж бен қызығушылықты арттыру үшін пән бойынша үйірме жұмысының бір түрін ұйымдастыруға болады, мысалы мәнерлеп оқу клубы. Бұл клубтың мақсаты - шетел әдебиетіне деген қызығушылықты арттыру. Көптілділікті дамытатын «Полиглот» клубын құру ұсынылады. Клуб мүшелерінің жиыны ең аз дегенде жылына 4 рет болады, соңғысы есеп беру.

бағыттағы базаны жалғастырып оқуға мүмкіндік береді.

Тұлғалық және бейіндік бағыттағы оқыту мазмұны мен шығармашылық- креативті оқыту деңгейін көтеруге мүмкіндігі бар қолданылған оқыту технологиялары жалпыеуропалық стандартқа сәйкес шет тілдерін B1+ (B2) деңгейінде білуді қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылар тілдік және сөйлеу тақырыптарын игеруі тиіс, әңгімелесу барысында тілдік материалды пайдалану, оқу және накты тақырыптар шеңберінде коммуникативтік міндеттерге сәйкес ауызша және жазбаша түрдегі монологтік және диалогтік сөйлеулерді түсіну және ой қорытуы тиіс.

*Шетел тілі бойынша сағат саны:*

қоғамдық-гуманитарлықбағытта:

10-11-сыныптарда – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында 136 сағатты;

жаратылыстану-математикалық бағытта:

10-11-сыныптарда аптасына 2 сағаттан, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

*Оқушы дәптерлерінің саны мен түрлеріне, оқушы дәптерін жүргізуге қойылатын негізгі талаптарға және дәптерлерді тексеруге қойылатын негізгі талаптарға берілетін ұсыныстар өзгеріссіз қалады. Бұл талаптар 2017-2018 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатта көрсетілген.*

***Ұсынылатын бақылау жұмыстарының нормалары.***

Алған білімдерінің динамикасы мен мониторингін анықтау үшін оқу жылында 7 бақылау жұмысын жүргізу ұсынылады. Жаңа форматтағы ҰБТ стандартына сәйкес тестілеу тапсырмаларын 40 сұраққа дейін көбейту ұсынылады. Жұмыс түрін ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады: «5» деген баға – 33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға – 9-24 балл.

№1 кіріспе тест. Бұл жұмыс түрі өткен оқу жылында алған білімдердің диагностикасы мен бақылауын қарастырады, тек лексика-грамматикалық аспектілерін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 40, жауаптар нұсқаларының саны -5. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені оқу жылының бірінші күндерінен бастап оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетуі мүмкін.

Шетел тілі бойынша № 2 бақылау жұмысы – 1-тоқсан қорытындысы бойынша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма.

Шетел тілі бойынша № 3 бақылау жұмысы – 2-тоқсан қорытындысы бойынша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 2-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма.

№ 4 диагностикалық тест. Бұл алдыңғы екі оқу тоқсанда алған білімдердің бақылау мен динамикасын қарастырады, тек лексика- грамматикалық аспектісін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны – 40, жауаптар нұсқаларының саны – 5. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетуі мүмкін.

Шетел тілі бойынша № 5 бақылау жұмысы – 3-тоқсан қорытындысы бойыша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 3-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма.

Шетел тілі бойынша № 6 бақылау жұмысы – 4-тоқсан қорытындысы бойынша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 4-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма.

Шетел тілі бойынша №7 бақылау жұмысы – оқу жылы бойынша барлық оқылған тақырыптарды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма.

***Ұсынылатын жазба жұмыстарының нормалары.***